Пикет арасындағы ара қашықтықтар 20 м аспайды, ал жақтау мен өлшеу құралы арасындағы қашықтық 100 м аспайды. Шекаралық түсірілімдер мен полярлану әдістерімен жергілікті жердің нысаны қашықтық өлшейтін кипрегель арқылы орындалады. Жер бедерін горизонталдармен көрсеткен, демек пикет алынған соң орындалады.

Геофизикалық зерттеулер кезінде тірек торларын бөліктерге бөлу жұмыстары орындалды. Белгіленген бағытта тура сызықты магистралды жүрістер салынған. Магистралды жолдардың бұрыштары жартылай лимбаны ауыстыру арқылы 90° бұрышпен орындалады. қашықтық болат шнурлармен өлшенеді. Егер еңістену бұрыштары 3° аспайтын болса, еңістенуге түзетулер енгізілді.

Белгіленген бағыт бойынша қималық сызықтарды белгілеу теодолитпен орындалды. Пикеттер арасындағы аралықтар бір бағытта болат шнурлармен орындалды. Қималық сызықтар өлшем шамаларымен анықталды. Байланыстыру 1:25000 масштабты топографиялық картамен орындалды.

4.2 Тау-кен қазындылары мен ұңғымалардағы топографиялық-маркшейдерлік жұмыстар

Жер асты қазу жұмыстарын жүргізу кезіндегі топографиялық-маркшейдерлік жұмыстар маркшейдерлік жұмыстардағы «Техникалық ережелермен» орындалады. II түсіру жұмысының категориясы СУСН топографиялық-геодезиялық, маркшейдерлік жұмыстармен орындалады.

Кенорындарда ұңғымаларды бұрғылап, беткі қабатына геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін келесідей топографиялық-геодезиялық жұмыстармен орындалады:

- Бұрғыланатын ұңғымалар қимасына бунақтарды, шурфтарды, жекеленген ұңғымаларды орналастыру қажет;

- траншеяларды, бунақтарды, ұңғымалардың бетімен аналитикалық тұрғыдан қосу.

Барлық ұңғымалар, шурфтар, жақын аумақтағы трангуляциялармен қосылып, аналитикалық торлармен, геологиялық торлармен қосылады. Ұңғымалық ауыздар, шурфтар, бунақтардың ұштары теодолиттік әдістермен өлшеніп, кері полярлану әдістерімен орындалды.

Ұңғымалық қуыстарды, шурфтарды, бунақ ұштықтарын координациялау Leika TC-02 тахеометрмен өлшенген.

Жоғарыда аталған жұмыстар далалық және камералды топографиялық-маркшейдерлік жұмыстардың ережелерімен орындалған.

4.3 Геофизикалық жұмыстар

Ауданда жүргізілетін геофизикалық жұмыстарда келесі тапсырмалар орындалады:

- Құрылымның аса терең аумағында орналасқан Батыс Қалбаның геологиялық құрылымын терең зерттеу үшін аймақтық гравиметриялық, магнитометриялық әдістер қолданылады. Аймақта жүргізілген терең геологиялық зерттеулердің анализі арқылы алтын кенорындарындағы локалдану заңдылықтары анықталған;

- КЭП, ЕП, ВП, дипольды электроқималанған ЭПП-1 құралмен электрлік барлау жұмыстары жүргізіледі, сонымен қатар ұзын толқынды радиобекеттерімен өлшем алу әдістері орындалады, осы кезде тектоникалық бұзылыстар бөлініп, аномалиялардың сипаты белгіленеді;

- Ауданның бұзылыстарында морфологиялық ерекшеліктер зерттеліп, толқындардың сейсмосбарлау жұмыстары жүргізіледі: Атап айтсақ Батыс қалба, Солтүстік-батыс, Қызыл, Қарауыз, Куелі;

- ЭПП-1 құралымен дипольды электроқималанған магнитометрия бойынша геофизикалық әдістер кешені қолданылады, осы кезде ұзын толқынды радиобекеттерімен маршрутты кен өрістері орын алады. Ол үшін аэрофототүсірілімдер қолданылады, яғни алтын кен білінімдегі аумақтар дешифрленеді.

ГК кешенімен КС, МСК элеткрокаротажды әдістермен әртүрлі құрамы бар таужыныстардың литологиялық құрамы анықталады, демек кедергіленуі мен ұнтақтау зоналары сипатталады.

Инклинометрия қималарды зерттеу үшін қолданылады, бұрғылау кезіндегі оптималды режим анықталады. Өлшем алу мәліметтері бойынша стратометриялық қиғаштану әдістері қолданылады. Геологиялық қималар мен жоспарларды құру кезінде аталмыш әдістер қолданылады.

Ұңғымалардағы гаммалық-каротаждану және гаммалық-қималанған шурфтар кенорындардағы радиобелсенді элементтермен орындалады.

4.4 Бұрғылау жұмыстары

Кен денелерінің тереңдігі мен кварцты желілепде қазынды жұмыстары жүргізіліп, ұңғымалар барланған. Ұңғымалардағы барлау жұмыстары барлау қимасында бағаналы бұрғылау жұмыстарымен орындалады. Барлау қималары перпендикулярлы түрде орналасып, желі мен зоналарды көмкерген. Қималар арасындағы қашықтық 90-100 м аралығында, ал қима бойынша ұңғымалар арасындағы қашықтық 20-60 м құрайды. Бағаналы ұңғымалар вертикалды, демек кварцты алтын желілердің құлау бұрыштары 40-50° аралығын қамтиды.

Кен денесінің орташа қалыңдығын және кен қазбалары мен қорлар контурындағы бұрғылау ұңғымалары бойынша алтынның орташа құрамын салыстыру. (Қосымша И)

Жобалық ұңғымалардың көлемі (Қосымша К)

4.5 Кенорынның тау-кен техникалық жағдайы

Жолымбет кенорының орталық аумағы дайкатәрізді диоритті интрузиялармен ұштасқан, габбро-диоритті шөгінділермен солтүстік-шығыс бағытта тарамданып, 1350 м бағытта ұштасқан, вертикалды бұрышта 75° градуста құламаланған. Араласқан түзілімдер таужынысы мүйізсалдамшыламен, құмдақтармен, алевролиттермен, орташа-қышқыл эффузивтермен толықтырылған. Кен денелері кварцты желімен, интрузивті денелермен шоғырланып, минералдана отырып, мүйізшелермен, мүйізшелі түзілімдермен шоғырланады.

Кварцты желінің орташа қабаттары шамамен 0,5-0,6 м аралығында болады, ал минералданған зонаның қабаты 20-30 м жетеді. Желінің орташа құлау бұрышы 55°, зоналарда 75-80° бұрышта құламаланады.

Желінің құрамы күрделі, әдетте ұзын, құламаланған, ал интрузиялардың құламалануы бұрыш тәрізді. Минералданған зоналарда кварцтанған диориттермен, жабысқақ, шашыранды сульфидтермен таралып, жекеленген қысқа желімен орын алып, кварц талшықтарымен шоғырланады. Кеніштердің түрлері тұрақты болып келеді. Протодьяконов профессордың шкаласы бойынша коэффициенті бойынша жиілік 12-17,3 аралығында болады, ал құрамына енген таужыныстардың мөлшері 10-16 шамасында.

Жарылымды бұзылыстар жиі кездеседі, шоғырдың тереңдігі 600 метрге жетеді, құламалану бұрышы 65-85° жетеді. Жарылымды бұзылыстар аумағы тақтатастанған, жергілікті жерде қабаттасып отырады. Кварцты-желі типіндегі кеннің көлемді мөлшері 2,68 т/м³, минералданған кен мөлшері 2,76-2,85 м³, араласқан таужыныс мөлшері 2,75 – 2,90 жеткен. Ұңғымалық керн бойынша таужыныстардың физикалық-механикалық құрамын зерттеу жалпы тұрақты болып келеді, құрылым ерекшеліктері 373 – 839 м аралығын қамтиды

4.6 Сынамалау жұмыстары

Жолымбет кенорындағы игерімдік барлау кезінде таужыныстардың қабақты, керндік, қалдықты, геохимиялық, штуфты, сызбалық, шлихты,

шикізаттық, технологиялық, физикалық-техникалық сипаты анықталады, сынамалардың талдамалары алынған. Судың химиялық сипаты анықталған.

Атыздық сынамалау канавалардан, шурфтардан, жер асты тау-кен қазбалары бойынша алынады. Штректерде сынамалар екі қабырға бойынша үздіксіз және 0,7-3,0 м сайын аралықпен кенжар бойынша, орттар мен квершлагтарда - екі қабырға бойынша алынады.

Барлық осы қазбаларда сынамалар топырақтан 1,0 м биіктікте көлденең орналастырылады. Кенді аймақты қиып өтетін шурфтерде барлаудың алғашқы жылдарында сынамалар қабырғалары бойынша 1 м сайын шахматтық тәртіппен, кейінірек түбі бойынша ұсақ шурфтерде түпкі жыныстарға ойып алу тереңдігіне және геологиялық жағдайға байланысты алынады, ал терең шурфтерде үздіксіз тік бороздың қарама-қарсы екі қабырғасы бойынша алынады.

Керндік сынамалау тек кен желілері мен минералданған аймақтар ғана сыналады, ал бос жыныстар бойынша 3-5 метрлік аралықтармен нүктелі-нүктелі әдіспен геохимиялық сынама алынады.

Мұндай әдістеме сынамалауға және талдауға кететін шығындар мен уақытты айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

Сынамалар кендердің литологиялық айырмашылықтарын, және сульфидті минералдануын ескере отырып, ұзындығы 1,0-2,0 м-ден аспайтын мөлшерде алынады. Оның бір жартысы сынамаға жіберіледі, ал екіншісі түпнұсқа ретінде қалады және сынамаларды іріктеуді бақылау үшін пайдаланылады.

Шламдық сынамалау пневмодар бұрғылау ұңғымаларынан алынады. Ұңғымаларды сынамалау мынадай түрде жүргізіледі: тұтас кенжарды көзбен шолып бұрғылау кезінде кен аймағын бөлуге болмайтынына байланысты, сынамаға әр метрлік аралықтан барлық шлам алынады.

Геохимиялық сынамалау ұңғымалық керн арқылы алынады, ол үшін керн сынамалары қолданылады. Лайлы қалдықтардың салмағы 0,5 кг, сынаманың орташа ұзындығы 3 м.

4.7 Сынамаларды өңдеу

Кен қиықтарындағы өңдеулер, керндік, шыламдық сынамалар кеніштен алынады, ол үшін ГРП жұмыстары Ричардса-Чечетта формуласымен орындалады:

$$Q = kda \quad (2)$$

Диірмендерде, ұнтақтағыштарда дірілдеткіш немесе дискілі ұнтақтағыш қолданылады. Жұмыстардың стационарлық сипаты кезінде сынамаларды өңдеу ғимараттарда жүргізіледі. Маусымдық немесе уақытша жұмыс сипатында сынамаларды өңдеу жоспарлау және өңдеудің технологиялық процестері еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайын және жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдықталған ашық алаңдарда, маңдайшалар, палаткалар немесе ғимараттарда (соның ішінде жылжымалы) жүргізіледі.

Сынамаларды механикалық өңдеуге арналған ғимараттар қиылысқан тартпалы желдеткіштермен қамтамасыз етіледі. Сынамаларды кептіру желдеткішпен жабдықталған жекелеген ғимараттарда жүргізіледі. Тозаң пайда болу ошақтарының нақ үстінде жеке тартпа немесе тозаң жұтатын құрылғылар орнатылады. Сынамаларды өңдеуге арналған орындар жергілікті бүйірлі тозаң сорғыштармен жабдықталады. Токсикалық заттары бар сынамалармен жұмыс істеу және токсикалық заттар сынамаларын өңдеу кезінде тартпа желдеткішімен жабдықталған мөлдір бокстар пайдаланылады.

Сынамаларды өңдеуге арналған қондырғылар арасындағы және құрылғылар мен ғимарат қабырғалары арасындағы өтетін орындарының ені 1 м кем болмайды. Сынамаларды механикалық өңдеуге арналған қондырғылар мықты діріл сөндіру негіздерде пайдаланылады.

Сынамаларды өңдеуге арналған ғимараттардағы электр құбырлары ылғалды ғимараттағы электрқұбырларына қойылатын талаптарға жауап береді. Ұсату-үгіту қондырғыларында жұмыс бөлшектерін тазарту, түсіру саңылауларының енін реттеу және алынған тозаң аулаушы құрылғылар кезінде қосылу мүмкіндігін болдырмайтын блокировкалаушы құрылғы көзделеді. Тас кесуші (керн кесуші) станоктар қызмет көрсетуші құрамды өңделетін жыныстардың су пульпасынан және ұшындыларынан қорғайтын мөлдір экранмен жабдықталады. Жер асты кен қазбаларында сынамаларды механикалық өңдеуге жол берілмейді.

Жұмыскерлер сынамаларды қолмен өңдеу кезінде олар бір-бірінен 0,5 м қашықтықта орналасады.

4.8 Тау-кен жұмыстары

Жобаланатын қазбалардың қималары "жер асты тәсілімен жұмыс жүргізу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына" сәйкес қажетті ережелерді сақтауды ескере отырып, бұрғылау кезеңінде де, геологиялық барлау жұмыстары кезінде де оларда орналасқан өздігінен жүретін жабдықтардың габариттері шарттарынан анықталған.

Геологиялық барлау қазбаларына барлау еңістері, штректер, орттар, камералар мен үңгірлер жатады Тау-кен барлау қазбаларын қазу бұрғылау-жару тәсілімен жүзеге асырылады.

Барлау қазбаларын бекіту үлгісі мен бекіту тәсілдері тау-кен геологиялық жағдайларына байланысты белгіленеді.

5 КҮТІЛІМДЕГІ ҚОРДЫ ЕСЕПТЕУ

Кен денесіндегі алтын қоспалары бар кварц желісінен құралған. Желі ОБ бағытта 80° бұрышта құлап жатыр. Желі қалыңдығы 2-4 м аралығында ауытқиды, ал алтынның орташа мөлшері 0,5 г/т аралығында өзгереді. Кеннің орташа тығыздығы $d=2.5\text{т/м}^3$. Игерімдік барлау жер асты тау-кен қазындылары (штрек, шахта) және бұрғылау ұңғымалар жүйесімен жүргізілген.

Қорды есептеу пайдалы компоненттің жер қойнауындағы мөлшерін анықтау мақсатында жүргізілді. Дипломдық жобада пайдалы қазбаның қоры геологиялық қималар тәсілімен есептелді. Кен шоғыры гидротермалық типті болып келеді. Барлау профильдері бойынша геологиялық қималар салынды. Қималардың ауданы әр профиль бойынша жеке есептелді. Ал көлемі мынадай формуламен есептелді:

$$\begin{aligned}V &= \frac{S}{2} \times L \\V &= \frac{S_1 + S_2}{2} \times L \\V &= \frac{S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 + S_2}}{3} \times L \\V &= \frac{S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 + S_2}}{2} \times L\end{aligned}\quad (3)$$

мұнда, S_1 және S_2 - қималардың ауданы, м^2 ;

L – I-I мен II-II қималарының арақашықтығы, м.

Пайдалы қазбаның (кеннің) қорын есептеу үшін мына формула қолданылды:

$$Q = V \cdot d \quad (4)$$

мұнда, V - қималардың көлемі, м^3 ;

d - пайдалы қазбаның орташа тығыздығы, т/м^3 .

Рудадағы пайдалы компоненттің қорын есептеу мына формула көмегімен анықталды:

$$P = Q \cdot C_{\text{орт}} \quad (5)$$

Мұнда, Q - руданың қоры, т;

$C_{\text{орт}}$ - пайдалы компоненттің орташа мөлшері.

Кен денесі бойынша күтілімдегі жалпы қоры кестеде көрсетілген (Қосымша Л).

Кондициялар

Берілген ТЭО есебіне сәйкес кондиция жобасында (Том II), Жолымбет кенорнындағы қышқылдану рудасындағы қазынды қорының кондициялық өлшемдеріне келесі техникалық-экономикалық есептемелер алынған:

- 0,5 г/т қазынды бойынша анықталған кен аумағындағы қазынды мөлшері;

- Кен денесінің минималды қабатындағы қазынды мөлшері 2,0 м; алтын мөлшері көп болғанда метрограмм қолданылады;
- бос таужыныстардағы қабатшалардың максималды қабатында кондицияланбаған кендер шоғырланған. Ал барланған қазынды қорының қабаты 4,0 м.

6 ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ СМЕТАСЫ

Геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыруды "Қазақалтын" АҚ жүзеге асыратын болады. Осы жоба бойынша жалпы жоспарланған шығындар 137,9 млн.теңгені құрайды. Есеп "Қазақалтын" АҚ бекітілген бағалары бойынша жүргізілді.

Жолымбет кенорыны бойынша жобалау жұмыстарына арналған шығындардың жиынтық сметасы. Қосымша М

6.1 Геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігі

Жоба бойынша барлығы жалақы мен ҚҚС есебімен (12%) 137 996 522 тнг құрайды. Бұдан әрі алынған шығындарды ескере отырып, 1 г бағалы элементтердің өзіндік құнын есептейміз. Қосымша Н

1 г өнімнің өзіндік құны келесі формула арқылы анықталады

$$C = \frac{\text{Жұмыстың сметалық құны}}{\text{металдың қоры}} \quad (6)$$

2019 жылдың мамыр айына теңгенің құны- 381,23 теңге.

1 трой унциясының бағасы (1270.4 USD) және доллар бағамы (381.23 KZT).

Жобаланған есептеулер нәтежиесі Жолымбет кенорынының перспективалылығын дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақмола облысы Шортанды ауданында орналасқан "Қазақалтын ТКМК" АҚ құрамына кіретін Жолымбет кеніші, Астана қаласынан солтүстікке қарай 90 км. Шортанды темір жол станциясы шығысқа қарай 55 шақырым жерде орналасқан.

Игерімдік барлау жұмыстарының құрамына мыналар кіреді: сынамалау, топографиялық-маркшейдерлік жұмыстармен, ұңғымалық геофизикалық және геохимиялық зерттеулермен, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық, кендердің минералдық-технологиялық зерттеулерімен қоса жүретін шурфтарды, ұңғымаларды, жартылай шахталарды және олардан көлденең жер асты тау-кен қазындыларын жобалау жұмыстары жүргізілді.

Жоғарыда аталған жұмыстар бойынша арнайы есептеу мәліметтерін жүргіздік. С₁ категориясы бойынша күтілудегі қор көрсетілген. Жалпы С₁ категориясы бойынша **1800** т. руда және көрсетілген металдың қоры анықталған. Ол келесідей мәнге ие: алтын -**1032,16** г.

Күрделі қаржының аздығы мен жоспарлы болжанған өндірістік жылдар жақсы көрсеткішті көрсеткендіктен, бұл жоба тиімді болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Авдонин В.В., Ручкин Г.В., Шатагин Н.Н. и др. Поиски и разведка месторождений полезных ископаемых / Учебник для вузов. М.: Академический проект. Фонд, Москва, 2007. – 540. с.
- 2 Аристов В.В. и др. Поиски и разведка месторождений полезных ископаемых. Лабораторный практикум. – М.: Недра, 1989.
- 3 Аршамов Я.К. Пайдалы қазба кенорындарын геохимиялық іздеу әдістері: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2015. – 170. с.
- 4 Аршамов Я.К., Отарбаев Қ.Т. Пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен/5В070600 – «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы бойынша Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың студенттері үшін. Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, 2015. – 100 б.
- 5 Асанов М.А., Кадыкова М.Б. Кеніштік геология: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ. 2014. – 129 б.
- 6 Байбатша Ә.Б. және т.б. Геологиялық қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздік/ Алматы, Рауан, 2000. – 350 б.
- 7 Байбатша Ә.Б. Қазақстан пайдалы қазбалары/. Оқу құралы, - Алматы, КБТУ, 2003. – 117 б.
- 8 Геологическое строение Казахстана / Бекжанов Г.Р., Кошкин В.Я., Никитченко И.И. и др. – Алматы: Академия минеральных ресурсов Республики Казахстан, 2000. – 396. с.
- 9 Жүнісов А.А. Геологиялық карта түсіру мен қашықтықтан зерттеу әдістері. Оқулық. Алматы: Эверо баспаханасы, 2004. – 200 б.
- 10 Жүнісов А.А. Құрылымдық геология.- Алматы: Дәуір, 2011. - 320 б.
- 11 Задачник по курсу «Поиски и разведка полезных ископаемых». М.: Недра, 1975.
- 12 Каждан А.Б. Поиски и разведка месторождений полезных ископаемых. Производство геологоразведочных работ. – М.: Недра, 1985
- 13 Погребицкий Е.О., Парадеев С.В., Поротов Г.С. и др. Поиски и разведка месторождений полезных ископаемых. – М.: Недра, 1977.
- 14 Сейітов Н., Жүнісов А.А., Аршамов Я.К. Дипломдық жобаны орындауға арналған әдістемелік нұсқау. ҚазҰТЗУ. 2016. – 32 бет.
- 15 Сеитов Н., Жүнісов А.А. Қазақстан геологиясы. Оқу құралы. – Алматы, ҚазҰТУ баспасы. 2002. – 237 б.
- 16 Сеитов Н., Байбатша Ә.Б., Бекботаев А.Т., Жүнісов А.А. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік (Геология, геодезия және география). Словник-книга (5000 терминов). - Алматы, Издательская корпорация «ҚАЗАқпарат», 2014. – 456 с.
- 17 Стандарт организации. Система менеджмента качества. Работы учебные. Общие требования к построению, изложению, оформлению и

содержанию текстового и графического материала. СТ. КазННТУ им. К.И.Сатпаева, Алматы. - 2017. - 46 с.

18 Иванов В.Н., Кувшинов В.П., Батрак В.И. и др. Методика разведки золоторудных месторождений. ЦНИГРИ, 1991 г.


19 Коган И.Д. Подсчёт запасов и геолого-промышленная оценка рудных месторождений. М. Недра, 1974 г.

20 Каждан А.Б. Разведка месторождений полезных ископаемых. М. Недра, 1977 г.

21 Крейтер В.М. Поиски и разведка месторождений полезных ископаемых. М. Госгеолтехиздат, 1960 г.

22 Методические рекомендации по геолого-экономической оценке месторождений твёрдых полезных ископаемых. Алматы, 1995г

Қосымша А
Кен орны ауданының шолу катасы



Масштаб 1:1 000 000

УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ

- Границы государственная
- Границы областей
- Границы районов
- Границы заповедников
- Железные дороги
однопутные, двухпутные
- электрифицированные двухпутные
- узкоколейные
- Станции и развязки
- Автодороги
с усовершенствованным покрытием
- с покрытием
- без покрытия
- Грунтовые дороги
- нефтепроводы
- Линии электропередачи на металлических или железобетонных опорах

- Крупные города (с населением 50 000 жителей и более) и крупные железнодорожные узлы
- Малые города (с населением менее 50 000 жителей) и поселки
- Поселки сельского типа
- Отдельные строения
- Столица республики. Центры областей
- Центры районов

Города и поселки с количеством жителей


| | |
|--------------------|-----------------------|
| АСТАНА | от 100 000 до 500 000 |
| СТЕПНОГОРСК | от 50 000 до 100 000 |
| АТБАСАР | от 10 000 до 50 000 |
| СТАНЦИОННЫЙ | от 2 000 до 10 000 |
| село | менее 2 000 |

Поселки сельского типа с количеством жителей



























| | |
|-----------|-------------|
| Жыгылқулу | менее 1 000 |
| Кайыт | менее 1 000 |
| Бараклап | менее 1 000 |
| Қасқалы | менее 1 000 |



























Бестюбе
■ Месторождения полезных ископаемых

Жолымбет кенорынының геологиялық картасы
М :1 2000



1:2000 масштабтағы геологиялық картаға, планға, қимаға, бойлық проекцияға арналған ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



-  Неоген жүйесі. Павлодар свитасы. Қызыл түсті құмтастар
Ордовик жүйесі
-  Сақ сериясы. Дацивті, андезитті- дацитті, андезитті порфиритті туфтар.
-  Үштаған свитасы. Алевролиттер, аргелиттер, құмтастар, базальтты және андезитті парфириттер.
Жоғарғы ордовик кешені (қырыққұдық)
-  Бастапқы кезең. Кварцты габбро, габбро- нориттер, анортозиттер, габбро- диориттер, кварцты диориттер
-  Бірінші кезең. Лейкократты кварцты диориттер, плагиограниттер
-  Дайкалар. Микродиориттер, диоритті парфориттер
-  Микрогаббро
-  Ұсақ түйірлі граниттер, плагиограниттер, аплиттер
Ортаңғы сувулканогендік кешені
-  Андезитті порфириттер
-  Дацитті порфириттер
-  1. Базальтты порфириттер, 2. олардың туфтары
-  1. Андезитті порфириттер, 2. олардың туфтары
-  1. Дацитті порфириттер, 2. олардың туфтары
-  Андезит- дацит құраиды, агломиратты туфтар
-  Алевролиттер, аргелиттер
-  Құмтастар
-  Алевролиттердің, аргилиттердің және құмтастардың қабаттануы
-  Кремниленген алевролиттер, құмтастар
-  Диориттер, габбро, габбро- диориттер
-  Мүйізалдамшылар, ороговикті таужыныстар, ороговиктің интенсивті шекарасы
Кварц желілері:
-  1. 1:2000 масштабтағы карталар үшін
-  2. Геологиялық пландар және қималар үшін
-  3. Сынамалау планы үшін
-  Штокверктер, минералданған аймақтар
-  Аз қалыңдықтағы минералданған аймақтар
Жарылысты бұзылыстар:
-  Анық
Болжамдық
-  Таужыныстарының шекаралары:
-  Анық
Болжамдық
-  жатыс элементтер
- 

-  Игеріліп жатқан шахталар
-  Шахталар (1) ж/е жартылай шахталар (2)
-  Жартылай шахталар, соқыр шахталар
-  Барлау шурфтары
-  Іздеу және барлау ұңғымалары, терең горизонттарда бұрғыланып кеткен ұңғымалар
-  Бұрынғы карталау ұңғымалары
-  ұңғыманың реттік номері забой тереңдігі
-  Геологиялық қималар
-  Бойлық ж/е тік жазықтықтағы проекция сызығы
-  Жерасты тау-кен қазындылары:
-  1. жазықтықтағы қималар
-  2. спектрленген қималар
-  Жерасты тау-кен қазындыларының ұңғымалары:
-  1. спектрленген қимада
-  2. қиылысатын жазықтықтағы қима
-  215 - 098 - 35.2
-  Сынаманың реттік саны, ұзындығы (шынайы қалыңдықты ескергенде) - алтын мөлшері, г/т
-  1.78 707.9 10.2
-  1.78 көрінетін қалыңдықтағы кен денесінің қиылысуы, м
-  10.2 алтын мөлшері, г/т
-  707.9 кенді тереңдік, м
-  C-07
-  Қимада: оқпан ұңғыма ж/е реттік саны
-  а) жазықтықтағы қималар
-  б) спектрленген қималар
-  Интрузия арқылы өткен ұңғымалар арақашықтығы


| | |
|-------------------------|----------------|
| Сатпаев Университеті | ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА |
| Парақ | |
| Масштаб | 1:2000 |
| Орындаған | |

Қосымша Д


Бұрынғы жүргізілген 02-18 - Р 010 профильдер бойынша геологиялық қималар



Қосымша Е
560 горизонт бойынша геологиялық план
560 Горизонт бойынша геологиялық план
Масштабы 1:200




Қосымша Ж
1-7 Пофильдер бойнша геологиялық қималар



Қосымша 3
Кен денесінің тік жазықтықтағы проекциясы

Кен денесінің тік жазықтықтағы проекциясы



Қосымша И

Кен денесінің орташа қуатын және кен қазбалары мен қорлар контурындағы бұрғылау ұңғымалары бойынша алтынның орташа құрамын салыстыру.

| Горизонт | Тау-кен қазындылары бойынша орташа қалыңдығы м | Тау кен қазындыларындағы алтынның орташа мөлшері г/т | Бұрғылау ұңғымаларындағы орташа қалыңдық м | Бұрғылау ұңғымалары бойынша Au орташа мөлшері г/т | Поправ. коэффициентінің қуат үшін. р. т. | Тау кен қазындылары бойынша орташа қалыңдық м | Ұңғымалар саны |
|----------|--|--|--|---|--|---|----------------|
| 190 | 1,07 | 7,9 | 2,0 | 4,6 | 0,58 | 1,72 | 2 |

Қосымша К
Жобалық ұңғымалардың көлемі

| Ұңғыма № | Профилдер № | Ұзындығы, м | Ескерту |
|----------|-------------|-------------|---------|
| 1 | 1 | 81 | кенсіз |
| 2 | | 116 | кенсіз |
| 3 | 2 | 49 | кенді |
| 4 | | 63 | кенді |
| 5 | | 91 | кенсіз |
| 6 | 3 | 49 | кенді |
| 7 | | 64 | кенді |
| 8 | | 91 | кенсіз |
| 9 | 4 | 57 | кенді |
| 10 | | 71 | кенді |
| 11 | | 103 | кенсіз |
| 12 | 5 | 73 | кенді |
| 13 | | 87 | кенді |
| 14 | | 117 | кенсіз |
| 15 | 6 | 49 | кенді |
| 16 | | 63 | кенді |
| 17 | | 91 | кенсіз |
| 18 | 7 | 81 | кенсіз |
| 19 | | 105 | кенсіз |

Қосымша Л
С₁ категориясы бойынша күтілудегі қор

| Блоктар | Кен денесінің құлау бұрышы | Блок бойынша кен денесінің орташа қалыңдығы (м) | Блоктың көлемі м ³ | Кеннің орташа тығыздығы (т/м ³) | Кеннің қоры (т) | Металдың орташа мөлшері (г/т) | Металдың қоры (г) |
|--|----------------------------|---|-------------------------------|---|-----------------|-------------------------------|-------------------|
| кен денесі бойынша алтын (Au) С ₁ категориясы | | | | | | | |
| С ₂ -I | 80 | 12.5 | 20.59 | 2,5 | 51.47 | 0.5 | 25.73 |
| С ₂ -II | 80 | 25 | 116.25 | 2,5 | 290.63 | 0.5 | 148.31 |
| С ₂ -III | 80 | 25 | 177.38 | 2,5 | 443.44 | 0.5 | 221.71 |
| С ₂ -IV | 80 | 25 | 223.25 | 2,5 | 558.13 | 0.5 | 389.06 |
| С ₂ -V | 80 | 25 | 162.13 | 2,5 | 405.31 | 0.5 | 220.65 |
| С ₂ -VI | 80 | 12.5 | 20.56 | 2,5 | 51.41 | 0.5 | 26.703 |
| Жалпы: | | | | | 1800 | | 1032,16 |

Қосымша М
Шығындардың жиынтық сметасы

| № р.с | Жұмыстың атауы | Өлшем бірлігі | Бірлік саны, теңге | Көлемі | Жалпы құны теңге |
|-------|--|---------------|--------------------|--------|------------------|
| | 2 | 3 | | 4 | 5 |
| 1 | Бұрғылау жұмыстары | м. | 21 000 | 7500 | 157 500 000 |
| 2 | Геофизикалық зерттеулер, оның ішінде: | | | | |
| 2.1 | Каротаждық жұмыстар | м | 10 000 | 4,24 | 42 400 |
| 2.2 | Ұңғымалық геофизика | м | 12 000 | 4,76 | 57 120 |
| 3 | Ұңғымаларға геологиялық қызмет көрсету | м | 600 | 7500 | 4 500 000 |
| 4 | Сынамаларды іріктеу және өңдеу, оның ішінде: | | | | |
| 4.1 | Сынама алу | сынама | 800 | 2492 | 1 993 600 |
| 4.2 | Сынамаларды өңдеу | сынама | 300 | 2492 | 747 600 |
| 5 | Талдау жұмыстары, оның ішінде: | | | | |
| 5.1 | 33 элементке спектрлік талдау | талдау | 2000 | 1552 | 3 104 000 |
| 5.2 | 17 элементке спектрлік талдау | талдау | 2100 | 1060 | 2 226 000 |
| 5.3 | Спектрозолотометриялық талдау | талдау | 600 | 1000 | 600 000 |
| 5.4 | Сынама талдау | талдау | 1900 | 200 | 380 000 |
| 5.5 | Шлифтердің сипаттамасы | шлиф | 1300 | 746 | 969 800 |
| 5.6 | Шлифтарды сипаттау | аншлиф | 1800 | 300 | 540 000 |
| 6 | Камералдық жұмыстар | | 600 000 | 9 | 5 400 000 |
| | Жоба бойынша барлығы: | | | | 123 211 180 |

Қосымша Н

Алынған шығындарды ескере отырып, 1 г бағалы элементтердің өзіндік құнын есептеу

| Элемент | қоры, т | Жұмыстың металық құны тнг | Өзіндік құны тнг | Әлемдік нарықтағы 1 г құны, тнг | Таза пайда, тнг |
|---------|---------|------------------------------------|------------------------|------------------------------------|--------------------|
| Ag | 30400 | 137 996 522 | 4.5 | 1113 | 33 698 400 000 |
| Au | 760 | 137 996 522 | 181.6 | 7500 | 5 561 984 000 |

